

# ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІЦ АНТОЛОГИЯСЫ



## II ТОМ



# **ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ**

## **II ТОМ**

---

***Қазақ халық әндерінің  
толықтырылған жинағы***



**ББК 85.31**

**Қ 17**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнө ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөнө мұрагат комитетінің багдарламасы бойынша  
шыгарылып отыр*

**Қ 17 Қазақ әндерінің антологиясы. Том II.**  
*(Күрастыргандар: Ә.Көпіш, Е.Ералы, Қ.Оспанова).*  
Алматы: “Өнер” баспасы, 2006. — 312 бет.

ISBN 9965-768-68-4

Жеке бір адамның тағдыры мен бүкіл қоғам басындағы рухани күйініш-сүйінштерді, қашама аласапыран оқиғаларды жан-жүрекпен егіле отырып — жырлаған; жырлай отырып — оны әуез-әнге бөлеп, өрелеген Мұң мен Зар, Куаныш пен Шаттық, Үміт пен Сүйіспен-шілік — небір замандардың сұрапыл сыйынан мудірмей өтіп, бізге ән болып жетті.

Ел ауызында сакталынып қалған қайсыбір қазақ әні де өз тындаушысының жүргіне осылай берік орныққаны да сондыктан.

Өүелде халықтың сарабдал өнерлі үл-қыздарының көкейінде қайнап, көмейінен ағытылып шыққан мұндай әндер — кейіннен халықтың өз әндеріне айналып кетті. Қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер толқыны мұндай өмір-шеш әндерді жағаға шығарып тастай алмайды. Ол әндер халықпен бірге жасасып келеді, жасай береді.

Ұсынылып отырган антологияға осындай терен рухани қазынамыз болып табылатын — қазақтың халық әндерінің ел арасына кең тараған таңдаулыларын, мүмкіндігінше мол қамтып, ұсынып отырмыз.

Кітап әнсүйер көпшілікке арналады.

**ББК 85.31**

© “Өнер” баспасы, 2006

© “Өнер” баспасы, 1990,

Халық әндерінің

антологиясы. I, II том

© “Қайнар” баспасы, 1993,

Ауыл кеші көнілді

© “Жазушы” баспасы, 2000,

Халық әндері. I, II, III том.

© “Қазақпарат” баспасы, 2005, Қазақ музыкасы. Антология I, II том.

ISBN 9965-768-68-4



## Заман

Біздің заман қай заман, бақыт заман-ей,  
Еңбекшіге әперген бақыт заман, заман-ай.  
Құлшылықтың құтылып құрсауынан-ей,  
Айға үмтүліп биікке бастық қадам,  
заман-ай.

### *Кайырмасы:*

Ел айырып азаптан,  
Шаттанатын күн туды.  
Женіс туын қолға алыш,  
Аттанатын күн туды.

Өткен заман қай заман, жылан заман-ей,  
Жылан шағып, халық жоқ жыламаған,  
заман-ай.

Боз інгениң бөрі жеп боташығын-ей,  
Ата менен ана жоқ зарламаған заман-ай.

### *Кайырмасы.*



## Замандас

(I typi)

Айналайын көзіңнен  
Жалт-жұлт еткен,  
Жан бар ма екен  
Бұл жерде сенен өткен.  
Замандас,  
Кездескенде есіңе алып амандас.

Үш ауылдың қыздары  
Жиналса да,  
Тенгермеймін өзіңе  
Басы бүтін,  
Замандас,  
Кездескенде есіңе алып амандас.

Айналайын көзіңнен  
Күлімдеген,  
Басқан ізің ешкімге  
Білінбекен,  
Замандас,  
Кездескенде есіңе алып амандас.

Ақша балық шомылған  
Айдын көлден,  
Алтын қармақ салса да  
Ілінбекен,  
Замандас,  
Жолыққанда есіңе алып амандас.

## Замандас

(II түрі)

Жігіті біздің елдің сылқым сері-ай,  
Күнде той, ойын-күлкі жүрген жері ай.

*Қайырмасы:*

Екі де бала замандас-ай,  
Айында келіп хабарлас-ай.

Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған-ей,  
Әркімнің өзіне ыстық туған жері-ай.

*Қайырмасы.*

Ат жақсы арғымақтан шабыс болса-ей,  
Жат жақсы ағайыннан таныс болса-ай.

*Қайырмасы.*

Досың құліп, дүшпаның табалайды-ей,  
Аяғың бір нәрседен шалыс болса-ай.

*Қайырмасы.*



## Замандас

(III түрі)

Жер жаннаты Баяннуурым-ей құтты мекен.  
Ақ айдарлы алтын дән егін еккен.

Замандас, көтер бас,  
Жаңа өмірге жай құлаш.

Шаруашылық орнаған-ей құнарына,  
Еңбек етіп кілең жас терін төккен.

Замандас, көтер бас,  
Жаңа өмірге жай құлаш.

Тамылжиды есірген-ей алма бағы,  
Дәмі тәтті, шекер бал, татыр дәмі.

Замандас, көтер бас,  
Жаңа өмірге жай құлаш.

Жерім дарқан, елім бай-ей құтты ұя,  
Жылдан жылға өседі озат саны.

Замандас, көтер бас,  
Жаңа өмірге жай құлаш.



## **Заманым-ай**

Қарашаға, тағы да қарашаға,  
Кисе киім жарасар аласаға, заманым-ай.

*Қайырмасы:*

Тауда жүрер кекілік,  
Тастан тасқа секіріп.  
Заманында ойнап, құл,  
Кейін жүрме өкініп.

Тапсаң тәуір өлеңнің тазасын айт,  
Тыңдасын да көпшілік, бала-шаға,  
заманым-ай,



## Зар-зар-оу

Бас айналар басқұрдың-ау термесінен,  
әй, угәй-оу,  
Ат жүгірмес Сөгеті ерлесінен.

Зар-зар-оу,  
Өтті-ау дүние  
Жалған-оу!

Бұл өмірге біржола-ау келгеміз жок,  
әй угәй-оу,  
Ажал жетсе, кім кепіл өлмесіңе.

Зар-зар-оу,  
Өтті дүние  
Жалған-оу!



## **Заулатшы-ай**

Бүгін дала гүлденіп жаңарғандай,  
Күлтелі көк құлпырып оңалғандай.

### *Қайырмасы:*

Ахай, заулатшы-ай, құрбым,  
заулатшы-ай!


Кешегі құм, шөл дала шаңырқаған,  
Бүгін қара, тамаша таң қалғандай.

Артель ұйым біріккен ұранды бір,  
Сұлу қыздан есіткен бір терең сыр.

### *Қайырмасы.*

Ұмтыл алға, жас құрбым, жатпа қарап,  
Елің үшін еңбек ет, ертеңмен тұр.

### *Қайырмасы.*



## Зибаш-ай

Айқай салмай дауысым ашылмайды,  
Жолға жұпар қалампыр шашылмайды.

*Қайырмасы:*

Зибаш-ай,  
Қасың қара, қигаш-ай.  
Құрбыңның сөзін сыйлашы-ай.

Жолға жұпар қалампыр шашылмайды,  
Сені көрмей көңілім басылмайды.

*Қайырмасы.*

Сені көрмей көңілім басылмайды.  
Есінен бір шығарма осы жайды.

*Қайырмасы.*



## Зілғараның әні

Аулың көшіп барады қырдан асып,  
Қырдан асқан бұлттармен араласып.

Арман-ай,  
Өтті-ау дүние, жалған-ай.

Оралымның барында ойнайын деп,  
Ғұмырыммен келемін жағаласып.

Арман-ай,  
Өтті-ау дүние, жалған-ай.

Құрбым едің бірге өскен баяғыдан,  
Туар ма екен, дүние-ай, ай онынан.

Арман-ай,  
Өтті-ау дүние, жалған-ай.

Оралымның барында ойнамасам,  
Мерт боп кетер жастығым жай оғынан.

Арман-ай,  
Өтті-ау дүние, жалған-ай.



## **Игай-гай сәулем**

Атыңнан айналайын алтын сәулем-ай,  
Бір жұру өзіңменен ол бір дәурен-ай.  
Игай-гай сәулем, айдай-ау.

Келмейді жатсам үйқым, тұрсам күлкім,  
Жүргенім менің бүйтіп сенің әурең-ай.  
Игай-гай сәулем, айдай-ау.

### *Қайырмасы:*

Сағынған сәулем-ай,  
Бірге өскен дәурен-ай.

Атыңнан айналайын асыл затым-ай,  
Жарасқан тал бойына сәулем атың-ай.  
Игай-гай сәулем, айдай-ау

Кеткенде аулың алыс алтын сәулем-ай,  
Келмеді-ау бір жапырақ жазған хатың-ай.  
Игай-гай сәулем, ай-дай-ау.

### *Қайырмасы.*



## **Игәй сәуле**

Қарағым, айналайын қырғи қабак,  
Сен едің суда жүзген алтын шабак.  
Салсам да күміс қармақ ілінбейсің,  
Қайтейін қылышынды-ей ақтамақ.

### *Қайырмасы:*

Ей, игәйгәй,  
Игәй сәуле.  
Етпе өуре,  
Іриай-ай.

Ішінде ну орманның сен бір талсың,  
Аяққа құйып қойған шекер балсың.  
Багаңа бағаласам жан жетпейді,  
Басқадан артық тұған неткен жансың.

### *Қайырмасы.*

## **Илигай**

Кел деп едің, Илигай, келіп тұрмын,  
Отқа тұспей өртеніп еріп тұрмын.  
Сертке тұрсаң мен сендік, жаным құрбан,  
Сырым осы, сертімді беріп тұрмын.

Илигай деп атынды қойдым таңдал,  
Әнге қостым атынды әдейі арнап.  
Еркін таудың еркесі елік болсан,  
Мен де өзіндей жалғызыбын ерке саңлақ.



## **Илигай, әттең, шіркін**

Бір келеді дүние, бір кетеді, ау,  
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді-ай.

### **Қайырмасы:**

Илигай,  
Әттең, шіркін,  
Дүни(е)-ай!  
Қалд(ы)-ау бір күн,  
Күліп-ойнап-ай!

Адам тулкі болғанда, ажал — бүркіт, ау,  
Күштің барып бір денге індегі-ай.

### **Қайырмасы:**

Илигай,  
Әттең, шіркін,  
Дүни(е)-ай!  
Қалд(ы)-ау бір күн,  
Күліп-ойнап-ай!



## Иүа шіркін

Қатар үшқан қаз едің-ей қаңқылдаған-ай,  
Көлге қонып самалда саңқылдаған.

### *Кайырмасы:*

Иуа шіркін,  
Енді есен бол-ай.

## Кайырмасы.




## Кәмилә

Мен қайтейін қигаш қара қасынды,  
Әуреледің неге сонша басымды.  
Шын сүймесен, жаным сүйген  
Кәмилә-ау,  
Мойның артам көзден аққан } 2 *pet*  
жасымды.

Өзінде аян менің саған құмарым,  
Табылды-ау, деп жүруші едім, сынарым,  
Шын сүймесен, жаным сүйген  
Кәмилә-ау,  
Екі талай тірлік етіп тұрарым. } 2 *pet*

Мен отырмын жалғыз жартас басында,  
Кәмилә жок, неге отырмын, қасымда.  
Махаббаттың уын ішіп жүргенше, } 2 *pet*  
Неге өлмедім ғазиз сәби жасымда.



**Кәсира — Мәрусия**

Қыз емес қыздың аты қызыл өрік,  
Беріпті екеуіне тәнір көрік.

**Кәсира — Мәрусия,**  
Ухади от суда.

Ойымда еш алаң жоқ, жүрген едім,  
Бұзылдым қапелімде сені көріп.

**Кәсира — Мәрусия,**  
Ухади от суда.



## **Кәләлім би-би-ай**

Аулынды сағынармын-ay,  
Әніңе табынармын-ай.  
Өзінді іздей-іздей-ay,  
Сарғайып сабылармын-ай.

### *Қайырмасы:*

А-ей, кәләлім би-би-ay,  
Кәлілім би-би-ay,  
Кәлілім би-би-ay-ай.



## **Кәләлім-ай**

Әуеде ұшып жүрген ала қарға,  
Берейік өлең айтып ағаларға.

**Кәләлім-ай.**

Бермесек өлең айтып ағаларға,  
Кетеді кінә қойып балаларға.

**Кәләлім-ай.**

Кәләлім айдай, қоңыр жай  
Бір жұлдыз бар әуеде айдан қалған,  
Қайқы мүйіз ақ серке қойдан қалған.

**Кәләлім айдай, қоңыр жай.**

Осы ауылда кім жаман, құрбым жаман,  
Көн етігін кие алмай тойдан қалған.

**Кәләлім айдай, қоңыр жай.**



## Кәлилау

Әуеде ұшып жүрген тырна деген,  
Бағытын жарықтықтың бұрма деген.  
Кәлилау-кәлилау-кәлилау.  
Әкемнің маған берген батасы бар,  
Орныңнан кісі жеңбей тұрма деген.  
Кәлилау-кәлилау-кәлилау.

## Кәлиләу дидау

Өлеңді қыстырым әнге парлас,  
Сөз болса қанағатсыз құлақ салmas, аху-ай.  
Өлеңді өрнегімен қыстырыған,  
Сөзінде айтушының қаяу болmas, аху-ай.

### Қайырмасы:

Қалилау-дидау, ди-ди-дау,  
Кәлилау-дидау, ди-ди-дау.  
Дида-ку-ди-дай,  
Аку дидай-аку-ай.

Білмеске өлең түргай сөз де қыын,  
Шығады қыстырыған сөзден түйін, ах-уай.  
Қара сөз қанағатсыз сылдырласа,  
Есепке алынбаса ода қыын, ах-уай.

### Қайырмасы.



## **Кәрирә-ау**

Дәйім менің мінгенім торы құнан-ей,  
Торы құнан үркеді тобығынан.

*Қайырмасы:*

Кәрирау райрым,  
Кәрирау рай.

Шын көңілің, шынты бейлің менде болса,  
Табысайық Ақсайдың қорымынан.

*Қайырмасы.*

Дәйім менің мінгенім сары құнан,  
Үркеді сары құнан сауырынан.

*Қайырмасы.*

Шын көңілің, шынты бейлің менде болса,  
Табысайық қалқатай ауылындан.

*Қайырмасы.*